**“ZIYATKER TURAN”**
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
160000, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, ауд. Қаратау,
Тассай т.а., 301/3 ғим.
БИН 220440036057
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

**Товарищество с ограниченной ответственностью**
**“ZIYATKER TURAN”**
160000, Республика Казахстан,
город Шымкент, Каратауский
р-н, ж.м. Тассай, зд. 301/3
БИН 220440036057,
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

**БҰЙРЫҚ**
**2025 жылғы 29 тамыз**
**№61 ж/қ**
**Шымкент қаласы**

**ПРИКАЗ**
**29 августа 2025 года**
**№61 л/с**
**город Шымкент**

**Мектепте өртке қарсы режимін сақтау туралы**

«ZIYATKER TURAN» ЖШС жалпы білім беру жекеменшік мектеп қауіпсіздік ережелері негізінде, мектепте өрт қауіпсіздігі бойынша қажеттілік деңгейін арттырып, тиісті қауіпсіздік талаптарды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Қ.Қ.Алекеевқа мектептің барлық жұмыскерлері мен келушілеріне оқу кабинеттері мен өзге де бөлмелерде және мектеп аумағында темекі шегулеріне тиым салсын.
2. Мектептің барлық жұмыскерлері мен оқушыларына мектеп аумағында от жағуға, бенгаль жарықтарын және пекардаларды пайдалануға, қоқыс қалдықтарын өртеуге және ашық асхана құрылғыларын орнатуға тиым салынсын.
3. Мектептің барлық жұмыскерлеріне жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін түнгі уақытта кезекші жарық көзі болып табылатын құралдардан басқа күзет қызметкерлері болмайтын бөлмелердің барлығында электр құрылғыларымен тұрмыстық электр құралдарын сөндіріп, электр көздерінен ажырату қажет. Басқа электр құралдары және электротехникалық жабдықтарды (тоңазтқыш камералары және т.б.) егер де қызметтік қажеттілікке байланысты немесе пайдалану нұсқаулықтарының талаптары бойынша қауіпсіздікке сай болған жағдайдарда электр көзінде қосулы қалдыруға рұқсат етілсін.
4. Мектептің барлық жұмыскерлеріне өрт қаупі жағдайларын болдырмау мақсатында жылу қорғау құрылғылары жоқ немесе жылу өткізбейтін, жанбайтын материалдарынан жасалған тіректері жоқ электр үтіктерді, электр плиткаларды және басқа да электр қыздырғыш құралдарды арнайы бөлінген бөлмелерден басқа жерлерде пайдалануға тиым салынсын.
5. Директордың орынбасары М.А.Жадиковаға, Қ.Қ.Алекеевқа электр щиттері және электр қозғалтқыштарының жанында жанғыш және тез тұтанғыш сұйықтықтарды қоюға немесе сақтауға тиым салсын.

6. Директордың орынбасары Қ.Қ.Алекеевқа зақымдалған электр розеткалар, ажыратқыштар және өзге де электр қондырғылары, сондай-ақ құралдарын пайдалануға тиым салсын.

7. Директордың орынбасары Қ.Қ.Алекеевқа қажеттілікті талап ететін отпен байланысты және басқа да өрт қауіптілігімен байланысты жұмыстар мектеп әкімшілігімен келіскеннен кейін ғана жүзеге асырылады (өрт және дәнекерлеу жұмыстары тек филиал басшысының жазбаша рұқсатымен кейін рұқсат етіледі). Бұл жұмыстар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылдың 21 ақпандағы №55 бұйрығымен бекітілген өрт қарсы талаптарғы сәйкес жүргізілуі тиіс.

8. Директордың орынбасары Қ.Қ.Алекеевқа, жатақхана меңгерушісі Ө.Ж.Төрегелдіге жұмыс күні аяқталғаннан соң қоқыстар мен қалдықтардың, бөлмелерде өрт қауіптілігін тудыратын заттардың болмауын, электр құралдарының жарамдылығын, барлық терезелердің жабылғандарын, жарық көздерінің сөндірілгендерін тексеру бойынша жұмыстарды жүргізу міндеттеріне енгізілсін.

9. Өрт болған кезде немесе жанып жатқан (түтінді, жанып жатқан иісті және т.б) затты байқаған тұлға келесіде көрсетілген әрекеттерді орындауы тиіс:

- болып жатқан жағдайды өрт сөндіру қызметіне - «101» телефонына, «112» – құтқару қызметіне хабар беру, осы жағдайда мекен жайды, өрттің орын алған жерін, өзінің аты жөнін баяндау;
- адамдарды эвакуациялау бойынша іс-шараларды жүргізу, өртті сөндіру және материалдық құндылықтарды сақтап қалу;
- қажеттілігіне қарай электрэнергиясын сөндіру, мектеп ғимаратының жұмысын тоқтату;
- өрттің өршіп кетпеуіне және мектеп ғимаратының бөлмелеріндегі түтіннің болмауы бойынша тиісті шараларды орындау;

10. «ALPHA-ЮГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күзет қызметкерлері мерекелік және демалыс күндері, сондай-ақ кешкі және түнгі уақытта мектепте міндетті:

- кезекшілікке түскен уақытта өрт сөндіру құралдарының бар-жоқтығын және жай-күйін, телефон байланысының жарамдылығын, түнгі кезекші жарық көзінің жұмыс жағдайында болуын тексеруге;
- егер мектептің өртке қарсы режимінде өрттің шығу себепкер болатын ақаулықтарды мен жарамсыздықтарды анықтаған кезде, оларды жою бойынша тиісті іс шараларды жүргізу керек, қажеттілігіне қарай мектептің директорына немесе жұмыскеріне баяндауға.

11. Жатақханадағы тәрбиешілердің міндеттеріне күнделікті сағат 19.00-ден 22.00-ге дейін Шымкент қаласындағы №9 мамандардырылған өрт сөндіру бөліміне **101, 112** телефонына жатақханада түнгі уақытта түнейтін оқушылардың нақты санын хабарлау бойынша енгізілсін.

12. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары К.К. Алекеевке газ қазандығына күнделікті бақылау және қадағалау жүргізу жүктелсін.

13. Төтенше жағдайлар орын алған уақытта міндетті түрде мектеп директорына және тиісті қызметтерге хабар берілсін.

14. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

15. Осы бұйрық қол қойылғаннан бастап күшіне енеді.

**Директор** **Длимбетова Б.С.**